

Қалалық қоғамдық көлікті пайдалану Тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXII сессиясының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 18 қарашада N 27 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Мәслихатының 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 96 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Мәслихатының 09.12.2004 N 96 шешімімен.

1993 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40, 41 баптарына, "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңының 3 бабына сәйкес I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

шешім қабылдады:

1. Қалалық қоғамдық көлікті пайдалану тәртібі бекітілсін, беріліп отыр.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономикалық реформалар және нарықтық қатынастарды дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (Костин Ю.В.)

I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

XXII сессиясының төрағасы А.Әбішева

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегелдинов

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі XXII сессиясының шешіміне қосымша

Қалалық қоғамдық көлікті пайдалану ЕРЕЖЕСІ I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы "Қалалық көлікті пайдалану" Ережесі (әрі қарай "Ереже") Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы N 2578-ХІІ "Жергілікті өкілетті және атқару органдары туралы" және 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258-1 "Алматы

қаласының айрықша мәртебесі туралы" заңдарына сәйкес қабылданды және:

- 1) жолаушыларды тасымалдау үшін жылжымалы көліктердің құрамын берудің тәртібі мен шарттары;
- 2) қалалық жолаушылар көлігі жүргізушілерінің жолаушыларды тасымалдау кезіндегі құқықтары мен міндеттерін;
- 3) жолаушылардың жол жүру кезіндегі құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

2. Осы Ереже жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсартуға, көлік қозғалысы және жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін арттыруға, қалалық жолаушылар көлігінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс.

3. Қалалық қоғамдық көлік - бұл қалалық қатынасындағы трамвай, троллейбус, автобустар.

II. ҚАЛАЛЫҚ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІНІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау келесі талаптарға сай келетін көліктермен жүзеге асырылуы тиіс:

- 1) маршруттардағы пайдаланылатын көлік техникалық жағынан жарамды болуы тиіс;
- 2) көлік құралының іші таза болуы тиіс.
- 3) көлік құралы өрт сөндіргіш құралдармен арнайы башмақтармен, медициналық дәрілер салынған қораптармен жабдықталуы тиіс.

5. Көлік ішінде баласы бар адамдарға, ҰОС мүгедектері мен қатысушыларына, жүкті әйелдерге, қарттар мен кондуктордың орны белгіленуі тиіс.

6. Көлік ішінде:

- 1) маршрут сызбасы;
- 2) жолаушылардың міндеттері мен құқықтарына қатысты "Ережеден" үзінді ілінуі тиіс.

III. ЖОЛАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

7. Жолаушы қалалық қоғамдық көлікте жүру кезінде мынандай құқықтарға ие:

- 1) 7 жасқа дейінгі бір баланы тегін алып жүре алады.
- 2) 7-15 жастар аралығындағы балаларды өзімен бірге алып жүріп, оларға жеңілдігі бар жол жүру билеттерін алуға құқылы.
- 3) Көлемі 60x40x20 см бір қол жүгін, сонымен бірге торларға салынған ұсақ үй жануарлары мен құстарын, бір жұп шаңғыны (қораптарға салынған немесе

оралған), балалар шаңғыларын және арбаларын тегін алып жүре алады.

4) Тарифке сәйкес бір жүк үшін ақы төлей отырып, салонның соңғы алаңында тұмсыққан кигізілген итті алып жүре алады.

5) Аялдамада ("Талап-тілек" аялдамасы) кондукторға алдын ала ескертіп немесе түймені басып жүргізушіге белгі беру арқылы түсе алады.

6) Өзі келе жатқан көліктің техникалық ақауына байланысты жүруін тоқтатқан жағдайда өзіндегі бір жолғы жол жүру билеті арқылы, нақ сондай келесі көлікке қосымша ақы төлеместен, жол жүруге құқылы.

7) Заңда белгіленген тәртіп бойынша жүргізушінің тәртіп бұзушылығына шағым білдіре алады.

IV. ЖОЛАУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

8. Жолаушы мынандай міндеттерді орындауы тиіс:

1) Өзі үшін және қол жүгі үшін ақы төлеуі және кондуктордан тиісті билетін а л у ы қ а ж е т .

2) Кондукторға немесе жүргізушіге тиісті көлікке арналған, ұзақ уақыт пайдаланатын жол жүру билетін (жеңілдігі барлары - студенттік, студенттік билетімен қоса) көрсетуі керек.

3) Көліктен түскенге дейін өзіне және жүгін алып жүруге арналған бір жолғы жол жүру бақылау билетін сақтауы тиіс.

Бір жолғы бақылау билеті жолдың ара қашықтығына қарамастан, бір ғана бағытқа жүруге жарамды.

V. ЖОЛАУШЫҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН РЕТТЕР

9. Қоғамдық көлікті пайдалану кезінде жолаушыға мынандай тыйым с а л ы н а д ы :

1) Өз аты-жөні жазылған жүру билетін басқа адамға пайдалануы үшін беруге;

2) Көлікте шылым шегуге және салонның ішін ластауға;

3) Спирт ішімдіктерін ішуге және қоғамдық тәртіпті бұзуға;

4) Көлік ішіндегі есік жанындағы тепкішекте тұруға;

5) Қозғалыс кезінде көліктің ішіне кіруге және шығуға;

6) Есіктердің ашылуына және жабылуына кедергі келтіруіне;

7) Көліктің ішкі жабдықтарын бүлдіруге;

8) Жүктерді орындыққа қоюға және жарылу, жану қаупі бар, улайтын және адамның денесін жыратын және кесетін заттарды тиісінше дұрыстап орамайынша алып жүруге және қорапқа салынбаған қару-жарақтарды, көлемі 100x50x30 см-ден асатын үлкен жүкті, ұзындығы 190 см-ден асатын заттарды а л ы п ж ү р у г е ;

- 9) жүкті отыратын орынға қоюға;
10) Көлік салонына лас киімдермен кіруге;
11) Жүргізушіні алаңдатуға тыйым салынады.

VI. ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

10. Қоғамдық көлік жүргізушілері мынандай құқықтарға ие:
Қоғамдық көлікке үстіндегі кір киімдерімен оны және жолаушыларды ластайтын жолаушыларды мінгізбеуге құқылы.

VII. ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

11. Қоғамдық көліктің жүргізушілерінің міндеттері:
- 1) Жұмыс ауысымының барлық кезеңінде аялдама жасау пункттері арасындағы қозғалыс уақытын сақтауы тиіс.
 - 2) Әрбір аялдаманың және одан кейін болатындардың аталуын қазақ және орыс тілдерінде хабарлауға, ал маршрут өзгерген жағдайда бұл туралы әрбір аялдамада хабарлауға міндетті.
 - 3) Жолаушыларды маршруттың аялдамаларында ғана мінгізуге және түсіруге, аялдамаға баяу келуге, көлік толық тоқтағанда ғана есіктерді ашуға тиісті.
 - 4) Көлік бұзылғанда немесе техникалық жағынан жарамсыз болып қалған жағдайда жүргізуші жұмысты тоқтатуға және жолаушыларды таяудағы аялдамада түсіруге міндетті.
 - 5) Жол үстіндегі қозғалыс кезінде басқа адамдармен сөйлеспеуі тиіс.
 - 6) Жүргізуші көлік қозғалысының маршрутын өз бетінше өзгертуге құқығы жоқ.
 - 7) Жүргізуші мен кондуктор жолаушылармен мәдениетті болуы тиіс.

VIII. ОСЫ ЕРЕЖЕНІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

12. Қалалық жолаушылар көлігін пайдалану Ережесінің талаптарын бұзғаны үшін жолаушылар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекстің 135, 136, 137-ші баптарына сәйкес жауапқа тартылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 04.04.2001 шешімімен.

*І с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы*

XXII сессиясының төрағасы А.Әбішева

*I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегелдинов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ